

**Түркістан облысы
Ордабасы ауданы**



**«Раушан» бөбекжай балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Өзін-өзі бағалау

Қайнар ауылы

2023 жыл

Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ордабасы ауданы,
«Раушан» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорны

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 Заңының 59 бабы, 4-1 тармағына және Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жыл 28 қарашадағы №908 бұйрығына, 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 31 наурыз 2023 жылғы № 30-Ө бұйрығымен құрылды:

1. Г.А.Кемпрбаева – балабақша меңгеруші комиссия төрайымы
2. П.К.Ережепова – балабақша әдіскері комиссия мүшесі
3. Д.А. Мурсалиева – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
4. Н.И.Сулеева – балабақша психологы, комиссия мүшесі
5. А.А.Жұмаділлә – балабақша саз жетекшісі, комиссия мүшесі

Өзін –өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген ПДФ форматталған файлдарға салынды және <https://raushanbb.edu.kz/> сайтқа жүктелді.

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

«Раушан» бөбекжай - балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны туралы ақпараттық анықтама

1	Мектепке дейінгі ұйымның атауы	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Раушан» бөбекжай - балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен – жайы және нақты орналасқан жерінің мекен - жайы)	Ордабасы ауданы Қайнар ауылы, Ш.Дуйсенбаев көшесі № 15
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, вебсайт)	Ұялы телефон 87053569742 электронды поштасы : <i>kemprbaeva@mail.ru</i> , Вебсайт: https://raushanbb.edu.kz/
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Кемпрбаева Гулжамал Амангельдиевна Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Ордабасы ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысының, 2021 жыл 21 қаңтардағы № 82 бұйрығымен қайта тағайындалған.
5	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)	Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының заңдамасына сәйкес Заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден 12.02.2021 жылы қайта өткен. БСН 010840001553, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 09.08.2001жыл. Кәсіпорын жарғысы Ордабасы аудандық тіркеу және жер кадастр бөлімі 2021 жылғы 12 ақпанда тіркеу № 392-1959-03-НАО-1

		тіркелді.
6	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)	Мемлекеттік лицензия 25.12.2007 жыл. № 0006073DX Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2021 жылғы 02 наурыз талон №KZ31RVK00000705 хабарлама берілген.
7	Құрылған жылы	1978 жыл
8	Типтік ғимарат	Бір қабатты типтік үлгіде
9	Топтар саны	5 топ
10	Балаларды оқыту тілі	Қазақ тілі
11	Жұмыс аптасының ұзақтығы	5 күндік
12	Ауысым саны	Тәрбиешілер: I ауысым; II ауысым
13	Жасына қарай топтар бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы – минутпен	Кіші «Балдаурен» топ Ортаңғы «Балапан», «Бүлдіршін» топ Ересек «Балбөбек» топ Мектепалды «Балауса» топ
14	МДҰ – ның жобалық әлеуеті	Балабақша орны 120 балаға арналған. 14.11.2019 жылы № X.05.X.KZ79VWF00017166 санитарлық эпидемиологиялық қорытынды берілген. Құжаттар көшірмесі қоса жолданды.

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
1-қосымшасы

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	2
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100 %	4
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	100 %	
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100 %	5
		95 - 99 %	
		80 - 94 %	
		80 %-дан төмен	
8	Ата-аналардың сауалнама	80 % -дан 100% - ға дейінгі	

7	нәтижелерін талдау	респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		65% -дан 79 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % - ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан кем респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 %-дан 100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		65%-дан 79 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан 64 % - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан кем респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	

Білім беру ұйымының басшысы:

Г. А. Кемпрбаева

Г. А. Кемпрбаева

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))



1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Ордабасы ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Раушан» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны 2023 жылы наурыз айының 31 мен 2023 жылдың 31 мамыры аралығында өзін-өзі бағалаудан өтті.

«Раушан» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны Ордабасы ауданы Қайнар ауылы Ш.Дуйсенбаев көшесі №15 үйде орналасқан. «Раушан» бөбекжай - балабақшасында ҚР БҒМ «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты, «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, 2022 жылғы 23 қарашадағы №11 хаттамалық шешіміне сәйкес ұсынылған әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып, ҚР БҒМ «Мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы №595, ҚР БҒМ 2016жыл 12-тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына сүйене отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын, Қазақстан Республикасының Денсаулық министрінің 2021 жылғы 09 шілдедегі №59 бұйрығы «Мектепке дейінгі ұйымдары және сәбилер үйлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды.

Балабақша ғимараты 1 қабатты типтік жобада салынған, материалдық-техникалық базасы заман талабына сай жабдықталған. Жылу жүйесі, кәріз жүйелері автономды. Су орталықтандырылған. Балабақша өрт-дабыл қондырғылары және бейнебақылау камераларымен жабдықталған.

Балабақшада медициналық кабинеті жұмыс жасайды. Медициналық кабинетте емшара бөлмесі, оқшаулау бөлмесі, санитарлық қағидаларға 12 қосымшаға сәйкес құрал - сайман жабдықтармен жабдықталған. Балабақша ауласы көгалдандырылған, шырша ағаштары, жеміс ағаштары егілген. Ауладағы ойын алаңы өз дәрежесінде жабдықталған, жеке топтарға

арналған ойын алаңдары, балалар ойнайтын құралдар, әр топқа жеке балалар отырып ойнайтын көлеңкелі қоршау орындығымен (беседка), гүл алаңқайлары және балалардың денсулығын нығайтатын, ойын құралдарымен жабдықталған алаңы бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі. Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса берілді <https://raushanbb.edu.kz/>

« Раушан » бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

№	Білім беру салалары/ білім бөлімдері	«Балдаурен» ерте жас топ (1-2 жас)	«Балбөбек» кіші топ (2-3 жас)	«Балапан» Ортаңғы топ (3-4 жас)	«Бүлдіршін» Ересек топ (4-5 жас)	«Балауса» Ересек топ (4-5 жас)
1	«Денсаулық»	3	3	3	3	3
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері, валеология	-	-	-	-	-
2	«Коммуникация»	1	1	2	2,5	2,5
	Сөйлеуді дамыту	0,5	0,5	1	1	1
	Көркем әдебиет	0,5	0,5	0,5	1	1
	Сауат ашу және жазу негіздері	-	-	-	-	-
	Орыс тілі	-	-	0,5	0,5	0,5
	«Таным»	1	2	2,5	2,5	2,5
3	Сенсорика	0,5	0,5	-	-	-
	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру	-	-	1	1	1
	Құрастыру		0,5	0,5	0,5	0,5
	Жаратылыстану	0,5	1	1	1	1
	«Шығармашылық»	2	3	3	3,5	3,5
4	Сурет салу	0,5	1	1	1	1
	Мүсіндеу	0,5	0,25	0,25	0,5	0,5
	Жапсыру	-	0,25	0,25	0,5	0,5
	Музыка	1	1,5	1,5	1,5	1,5
	«Әлеуметтік орта»	0	0	0,5	0,5	0,5
5	Қоршаған ортамен таныстыру	-	-	0,5	0,5	0,5
	Экология	-	-	-	-	-
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	7-10 мин	10-15 мин.	15-20 мин.	20-25 мин	20-25 мин
	Ұйымдастырылған оқу қызметінің	7	9	11	12	12
	Жылдық оқу жүктемесінің сағат саны	252	324	396	432	432
	Вариативтік компонент	0	0	1	2	2
	<i>Ойна да ойлан</i>	-	-	36	36	36
	<i>Кішкентай суретшілер</i>	-	-	-	36	36

**«Раушан» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорнының 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
жоспары**

№	Білім беру салалары/ білім бөлімдері	«Бүлдіршін» ерте жас топ (1 жастан бастап)	«Балдаурен» кіші топ (2 жастан бастап)	«Балбөбек» Ортаңғы топ (3 жастан бастап)	«Балапан» Ересек топ (4 жастан бастап)	«Балауса» Ересек топ (4 жастан бастап)
1	«Денсаулық»	3	3	3	3	3
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері, валеология	-	-	-	-	-
2	«Қатынас»	1	1	2	2,5	2,5
	Сөйлеуді дамыту	0,5	0,5	1	1	1
	Көркем әдебиет	0,5	0,5	0,5	1	1
	Сауат ашу негіздері	-	-	-	-	-
	Орыс тілі	-	-	0,5	0,5	0,5
3	«Таным»	1	2	2,5	2,5	2,5
	Сенсорика	0,5	0,5	-	-	-
	Математика негіздері	-	-	1	1	1
	Құрастыру	-	0,5	0,5	0,5	0,5
	Жаратылыстану	0,5	1	1	1	1
4	«Шығармашылық»	2	3	3	3,5	3,5
	Сурет салу	0,5	1	1	1	1
	Мүсіндеу	0,5	0,25	0,25	0,5	0,5
	Жапсыру	-	0,25	0,25	0,5	0,5
	Музыка	1	1,5	1,5	1,5	1,5
5	«Әлеуметтік орта»	-	-	0,5	0,5	0,5
	Қоршаған ортамен таныстыру	-	-	0,5	0,5	0,5
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	7-10 мин	10-15 мин.	15-20 мин.	20-25 мин	20-25 мин
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	7	9	11	12	12
8	Вариативтік компонент	--	-	1	2	2
	<i>Ойна да ойлан</i>	-	-	18	36	36
	<i>Бейнелеу өнері</i>	-	-	-	36	36
9	<i>Барлығы</i>	7	9	12	14	14

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына сәйкес бекітілген үлгілік оқу жоспарының көшірмесі сайтқа жүктелді

«Раушан» бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

**«Балдаурен» кіші тобының
Үлгілік оқу жоспары
(2 жастағы)
2022-2023 оқу жылы**

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Жүктемесі
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын
5	Құрастыру	Күн сайын
6	Сурет салу	Күн сайын
7	Мүсіндеу	Күн сайын
8	Жапсыру	Күн сайын
9	Музыка	Аптасына бір рет
	Музыка ****	Күн сайын

« Балапан» ортаңғы тобының
Үлгілік оқу жоспары
(3 жастағы)
2022-2023 оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Жүктемесі
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі***	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын
5	Құрастыру	Күн сайын
6	Сурет салу	Күн сайын
7	Мүсіндеу	Күн сайын
8	Жапсыру	Күн сайын
9	Музыка	Аптасына бір рет
	Музыка ****	Күн сайын

« Бүлдіршін » ортаңғы тобының
Үлгілік оқу жоспары
(3 жастағы)
2022-2023 оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Жүктемесі
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі***	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын
5	Құрастыру	Күн сайын
6	Сурет салу	Күн сайын
7	Мүсіндеу	Күн сайын
8	Жапсыру	Күн сайын
9	Музыка	Аптасына бір рет
	Музыка ****	Күн сайын

« Балбөбек» ересек тобының
Үлгілік оқу жоспары
(4 жастағы)
2022-2023 оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Жүктемесі
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі***	Күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын
5	Құрастыру	Күн сайын
6	Сурет салу	Күн сайын
7	Мүсіндеу	Күн сайын
8	Жапсыру	Күн сайын
9	Музыка	Аптасына екі рет
	Музыка ****	Күн сайын

**«Балауса» мектепалды тобының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу жоспары
(5 жастағы)**

2022-2023 оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер*	Аптадағы өткізілу жиілігі	Аптадағы сағат жүктемесі
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым –қатынас іс-әрекеті	Күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	Күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым –қатынас іс-әрекеті, Танымдық іс-әрекеті	Күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекеті, Зерттеу іс-әрекеті	Күн сайын	
5	Қоршаған ортамен танысу		2 сағат
	Танымдық іс-әрекеті, Зерттеу іс-әрекеті, Еңбек іс-әрекеті	Күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті	Күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	Күн сайын	
8	Барлығы	-	20 сағат

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру бойынша:

Бөбекжай-балабақшаның 2020-2021 жылдық жоспарларының мақсат міндеттері:

1. Денсаулық сақтау технологияларын қолдану арқылы балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту;
2. Инновациялық технологиялар арқылы тілдік қызметті дамыту нысандары мен әдістерін жетілдіру

2020-2021 Оқу жылында балабақшада 5 топ жұмыс істеді. Онда 120 бала тәрбиеленуде. Балабақшада ҚР «Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдырға арналған бағдарламасы» аясында, «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелерін негізге ала отырып педагогикалық үдеріс жүргізілді.

Оқу тәрбие жұмыстарын жүргізуде педагогтар өтпелі тақырыптарға сүйеніп, Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сай ұйымдастырылған оқу қызметін бес білім беру салалары бойынша кіріктіріп жұмыс жүргізді.

2020-2021 оқу жылындағы басты міндеттерімізге жету мақсатында ұжымда денсаулық сақтау технологияларын, инновациялық технологияларды ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту, түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қауіпсіз мінез-құлықтарының қалыптасуына арналған іс-шаралар өтті.

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде қашықтан оқыту технологиялары арқылы үй жағдайында ата-аналармен біріге отырып, тәрбиеленушілерге арналған материалдар ұсынылды. Санитарлық талаптарды орындауды, сақтау туралы кеңестер берілді. Сонымен қатар, инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, балалардың тілдік құзыреттілігін арттыруға, диалог құру дағдыларын қалыптастыру, фонематикалық қабылдау дағдыларын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, көркем шығармаларды түсініп, эмоционалды қабылдай білуге үйрету

жұмыстары ұйымдастырылды. Ата-аналармен ватсап желісі арқылы қарым-қатынаста болып, балаларға арналған видеороликтер, ертегілер, әңгімелер, мультфильмдер, санамақтар мен ойындар ұсынылды.

Балалардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, балалардың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес, кіріктірілген іс-әрекетке жағдай жасау, білім беру процесінде «Ойна да ойлан» логикалық, дидактикалық ойындар, «Кішкентай суретшілер» ТРИЗ технологиясына негізделген вариативтік компонент құрылып, жұмыс жүргізді. Топтарда табиғат бұрышында балаларды жануарларды қорғап қамқор болуға, гүлдерді күтіп баптауға тәрбиелеуде жыл бойы еңбек ұйымдастырылды.

Терезе алдында бақша ұйымдастырып, пияз, жүгері, ағаш бұтақтарын егіп, балалар бақылау жасады. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау мен шынықтыру мақсатындағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ересек «Бүлдіршін» тобының тәрбиешілері Ж.Амирсейтова «Киіз үй жабдықтары», Ж.Икрамова «Түлкі мен қоян»;

Ортаңғы «Балапан» тобының тәрбиешілері А.Жарлхапова және С.Утебаева «Геометриялық пішіндер», «Құмға сурет салу», «Еңбек»;

Ересек «Балауса» тобы тәрбиешілері А.Байтикова мен М.Иманалиева «Мақта қыз бен мысық», «Ғажайып математика», «Көктем гүлдері»;

Кіші «Балбөбек» тобының тәрбиешілері Ф.Есмаханова және К.Утеева «Қолғап», «Көбелекпен таныстыру», «Көкөніс бөлшектері»;

Ерте жас тобының тәрбиешілері А.Дербисбаева және Ұ.Назар «Құстарға үйшік жасау», «Менің отбасым» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өтілді.

Мамандармен жылдық жоспар бойынша 5 пед кеңес, өндірістік кеңес, меңгеруші жанындағы кеңестер өткізілді.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда, белсенділігі мен білімін тиянақтау мақсатында күн тәртібінде: « баяндамалар, пікір алмасу, сұрақ-жауап, кеңестер » алынып, көрмелер ұйымдастырылды.

1. Баланың әлеуметтік дамыған тұлғасы: инновациялық технологиялар арқылы коммуникативтік-тілдік қызметті қалыптастыру. Баяндама. Тәрбиеші: С.Утебаева

2. Тілдік қызметті дамытудағы арт-терапияның рөлі. Баяндама: Тәрбиеші Ұ.Назар

3. « Тәуелсіздікке тарту», «Келді көктем-гүлді көктем» көрмесі.

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында спорттық мерекелер, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру мен таңертеңгі жаттығулар күнделікті жоспарлы түрде өткізіліп, қауіпсіздік ережелері сақталды.

Жалпы ата-аналар жиналысы ватсап желісінде 2 рет, топ жиналыстары 3 рет өткізілді. Қазіргі кездегі жұқпалы індеттен сақтану, күн тәртібінде балалардың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыру және отбасында

психологиялық –педагогикалық ыңғайлы жағдай мүмкіндіктерін қалай қалыптастыру, отбасында баланы тәрбиелеу, дамыту, балаға эмоцияналды жағдай орнату мәселелерін шешу жолдарын бірлесе отырып шешуге әрекет жасадық. Ата-аналармен сауалнама, пікір талас, тренингтер мен кеңестер ұйымдастырдық.

Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдырға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде, өткен оқу жылының қорытынды мониторинг нәтижесін және Қазақстан Республикасы және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайларында білім беру процесін жүргізу мақсатында, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру; мектепке дейінгі ұйымда балалардың табысты бейімделуі мен дамуы үшін жағдай жасау; коммуникативтілік, креативтілік, сыни ойлау, ынтымақтастық және командада жұмыс істей білу дағдыларын меңгеру; балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу мақсатында «Денсаулық» және «Қатынас» білім беру салаларын алу жоспарланды

«Раушан» бөбекжай-балабақшасының 2021-2022 жылдық жоспарының мақсат -міндеттері:

Мақсаты:

«Денсаулық» білім саласында- денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту.

«Қатынас» білім саласында-балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.

«Таным» білім саласында-баланың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту

«Шығармашылық» білім саласында- балалардың бойында шығармашылық қабілеттерін, көркем талғамын ӨТШТ технологиясын қолдана отырып қалыптастыру, ұлттық бейнелеу өнері арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

«Әлеумет» білім саласында-балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулу

Міндеттері:

«Денсаулық» білім саласында- Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру.

«Қатынас» білім саласында-ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.

«Таным» білім саласында-Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Санау салыстыра ойлау қабілеттерін жаңашыл технологиялар арқылы дамыту

«Шығармашылық»білім саласында-балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.

«Әлеумет» білім саласында- қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын менгертіп, «Қазақстан біздің ортақ үйіміз» жайлы түсініктерін кеңейту

2021-2022 оқу жылында балабақшада 5 топ жұмыс істеді. Онда 120 бала тәрбиеленуде. ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы, жаңартылған білім беру аясында білім беру салаларын кіріктіру арқылы балаларды жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ерте жастан әлеуметтік дамуы мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамыту.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелерін негізге ала отырып педагогикалық үдеріс жүргізілді.

Денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту, балабақша ішілік әртүрлі мерзімде жобалар жоспарлау арқылы, түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары арқылы дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қауіпсіз мінез-құлықтарының қалыптасуына ықпал ету, қоғамдық ортада инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып, балаларды ауызша қарым-қатынас жасауға, диалог құру дағдыларын қалыптастыру. Фонематикалық қабылдау дағдыларын, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын байыту, көркем шығармаларды түсініп, эмоцианалды қабылдай білуге үйрету жұмыстары ұйымдастырылды.

2022 сәуір айында балабақшада аудандық тәжірибелік семинар жоғары дәрежеде өтілді.

Тақырыбы : «Жаңартылған білім беру аясында мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдары»

Мақсаты : Жаңартылған білім беру бағдарламасының түйінді идеяларын іске асыру. Балалардың танымдық, коммуникативтік, шығармашылық қабілеттерін арттыру және ұлттық сана-сезімін, отансүйгіштігін қалыптастыруда педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын, құрылымдалған ойын, еркін ойын түрлерін қолдану бойынша өзара тәжірибе алмасу.

Ересек «Балапан» тобының тәрбиешілері С.Утебаева мен А.Жарлхапова 1-Қыркүйек Білім күніне арналған «Білім күні» ертеңгілігінде балаларды зейін қойып тыңдауға, тапсырмаларды орындауға ептілік пен зеректікке баулуды мақсат етсе, «Алтын күз» ертеңгілігін, Тәуелсіздіктің 30-жылдығына арналған «Тәуелсіздік – атадан қалған аманат» тақырыбында ертеңгілік, Жасыл шырша мерекесіне «Жаңа жылда, жаңа жыр» атты ертеңгілік, Аналар күніне «8-наурыз аналар мерекесі» атты ертеңгілік, Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесіне «Қош келдің төрлет, Наурыз», «Бақытты балалық шақ»- балаларды қорғау күні атты ертеңгілік өтті. Тәрбиеші С.Утебаева «Алақай, алақай- шынығайық балақай» Тәрбиеші А.Жарлхапова «Мамандықтар», кіріктірілген «Ұлттық киімдер» тақырыбында аудандық тәжірибелік семинарда ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті өте жақсы деңгейде бағаланды.

Ересек «Балауса» тобында тәрбиешілер А.Байтикова мен М.Иманалиева бүлдіршіндермен «Қысқы мерекелер» аяқ, «Алтын күз» ертеңгілігінде күз мезгілінің жомарттығы мен молшылығынан көріністер көрсетіп, балаларға қуаныш силады. «Жол ережесін білейік, аман – есен жүрейік» жолда жүру ережесіне арналған ересек топтар арасында сайыс, «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» мерекелік ертеңгілік өтті, аналар күніне «Ақ анашым» тақырыбында аналарға құрмет көрсетіп, мейірімділікке тәрбиелесе, ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуде «Қош келдің, өз -Наурыз» тақырыбындағы мереке де жақсы деңгейде өтті. Аудандық тәжірибелік семинарда тәрбиеші М. Иманалиеваның «Наурыз келді алақай» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жоғары деңгейде бағаланды.

Музыка жетекшісі А.Жұмаділла тәрбиеленушілер бойында эстетикалық талғампаздығын қалыптастыру, ән-би өнеріне қызығушылығын арттырып, баулуға, балабақшада өткен барлық мерекелерге жауапкершілікпен карап, жақсы деңгейде өтуіне атсалысты.

Кіші «Балдаурен» тобының тәрбиешілері А.Дербисбаева және Ұ.Назар кіші жастағы балалардың бойында отансүйгіштікке баулудың бастапқы сатысы ретінде ұлттық ойындарды таныстырып, қызығушылығын арттыру мақсатында ««Жайлауға барайық» ұйымдастырылған іс-әрекетін аудандық тәжірибелік семинарда нәтижелі өтті.

Ортаңғы «Балбөбек» тобының тәрбиешісі К.Утеева балаларды ұлттық құндылықтармен таныстыра отырып, шығармашылық қабілетін арттыруға бағытталған ойындарын кіргізіп «Ою-өрнек ғажабы» тақырыбында ашық ұйымдастырылған іс-әрекетін аудандық тәжірибелік семинарда өтті. Тәрбиеші К.Утеева мен Ф.Есмаханова «Күз жомарт» және «Келді бізге жаңа жыл!», «Ана біздің күніміз, ананың біз –гүліміз!», «Бірлігіміз жарасқан» мерекелік ертеңгіліктерін өтті.

Ерте жас «Бүлдіршін» тобының тәрбиешілері Ж.Амирсейтова мен Д.Мурсалиева балабақша бүлдіршіндерімен «Көңілді сайқымазақтар» ойын – сауығы, тәрбиеші Ж.Амирсейтова «Ғажайып қоржын» сенсорикадан ұйымдастырылған іс-әрекетін аудандық тәжірибелік семинарда жақсы деңгейде көрсетіп, балалардың түр-түс, көлемді ажырату дағдыларын меңгертуде мақсатына жетті.

Жалпы тәрбиешілер балалармен жазғы маусымға арналған көңілді ойындар, эстафеталық жарыстар, шынықтыру шаралары, денсаулық мерекелерін, туылған күндер мен серуендер ұйымдастырды.

Педагогтармен жылдық жоспар бойынша 5 пед кеңес, өндірістік кеңес, меңгеруші жанындағы кеңестер өткізілді.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда, белсенділігі мен білімін тиянақтау мақсатында күн тәртібінде: « баяндамалар, пікір алмасу, сұрақ-жауап, кеңестер » алынып, көрмелер ұйымдастырылды.

1. «Балаларды балабақша жағдайына бейімдеу» педагог-психолог консультациясы

2. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»

Кеңестер.Әдіскер П.Ережепова

3.МДҰ-да денсаулық сақтайтын ортаны қалай құруға болады?Дөңгелек үстел

4. « Мектеп жасына дейінгі балалармен серуенді іске асыру және ұйымдастыру»

Баяндама Тәрбиеші Г.Мырзахметова

5. «Ертегілер елінде» қуыршақ театр түрлерін қолдану бойынша педагогтар арасында байқау, « Табиғат сыйлары», «Менің досым робот» сайыс-көрме, «Ең сәнді қуыршақ» сайыс-көрме.

2022-2023 оқу жылында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу мақсаттары жоспарланды

Мақсаттары:

- Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, қазақ халқына тән өзгешелікті бойына сіңірген, шымыр да шыныққан, дені сау, ерте жастан жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеу.
- Педагогтардың жаңартылған білім беруде халықтық педагогика элементтерін және инновациялық тәсілдерді тиімді қолдануын жетілдіру
- Балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, қолданылатын әдістер мен нысандарды заманауи талаптарға сәйкестендіру
- Өзара әріптестік іс-қимыл орнату арқылы ата-аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету болып табылады.

Міндеттері:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Педагогтармен жылдық жоспар бойынша 5 пед кеңес, өндірістік кеңес, меңгеруші жанындағы кеңестер өткізілді.


Біздің балабақша сапалы білім беру үшін «Білім Кидс» платформасымен жұмыс жасаймыз. Ұйымдастырылған қызметінің тақырыбына сай көрнекі құралдар, мультфильмдер, тақпақтар, сергіту жаттығулары, ертегілер берілген. Ұйымдастырылған қызмет барысында интернет ресурсы арқылы түрлі құралдарын қолдануда. Сонымен қатар ата-аналарға балаларды оқытудағы көмекші әдістемелік құралдар, мектепке дейінгі жастағы балаға білім беру, тәрбиелеу және оқыту процесстеріне бағытталған, ата-анада үй жағдайында бұл ресурсты пайдалана алады.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда, белсенділігі мен білімін тиянақтау мақсатында күн тәртібінде: баяндамалар, пікір алмасу, сұрақ-жауап, кеңестер алынып, көрмелер ұйымдастырылды.

Балабақшамызда Қазақстан Республикасының ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасын және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарын іске асыру мақсатында, яғни тәрбиеленушілердің ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыра отырып, қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздік қорын байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты қалыптастыру үшін топтарда ұлттық ойындар ойнату, ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында ұлттық құндылықтарды қолдану, ата-аналармен отбасында қазақ халқының ауыз әдебиет шығармаларын қолдану, ұлттық ойындар ойнатуға ден қою туралы кеңес беру т.б. жұмыстар жүргізілді. Балалармен «Ұлттық ойын – ой өсіреді, бой өсіреді», «Асық ойнаған озар» тақырыбында ұлттық ойын түрлерін ойнату тәрбиелеу мен білім беру процесіне жыл бойына енгізілді. Балабақша әдіскері П.Ережепова педагогтармен «Халық ауыз әдебиеті мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің негіздері» тақырыбында пікір алмасу ұйымдастырды. Тәрбиеші Ф.Есмаханова «Тәуелсіздік ел тірегі!» ұлттық ойындар эстафеталық жарыс түрінде сауық кешін ұйымдастырды. «Әжем айтқан ертегі», «Қыз өссе елдің көркі», «Жігіт сұлтаны» ата-аналардың белсенді қатысуымен қазақ тілін, салт-дәстүрін меңгерту бойынша іс-шаралар өткізілді. «Балабақша мен отбасы арасындағы байланысты

нығайтудың қазіргі кездегі әдіс-тәсілдері» тәрбиеші С.Утебаева баяндама жасады.

Қазақ тілін меңгерту үшін қажетті сөздік қорын игеру деңгейінің мониторингі



Ата-аналармен жыл бойына 3 жалпы ата-аналар, топтарда тоқсан сайын жиналыстары болды. Жиналыстарда «Отбасы – адамгершілік құндылықтың негізі», «Балаға отбасында психологиялық қолдау көрсету» т.б. тақырыптарда кеңестер тәрбиешілер, педагог-психолог, медбике тарапынан кеңестер берілді. Балабақша жанынан ата-аналарға кеңес беру пункті құрылып, жоспары түзіліп, мамандар өз міндетмелері бойынша ата-аналарға қолдау көрсетті. Ата-аналармен тығыз байланыста болып, тәрбие мен білім беру жұмыстарына тарту, «Жомарт Күз», «Буккросинг», кітап бұрышын толықтыру, шығармашылық көрмелерге «Қыс қызығы», «Менің досым робот» т.б.с.с қатыстырылды.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, топтарда ата-аналардың атсалысуымен кітап бұрыштары жасақталды, сондай-ақ, топтарда күн тәртібінің режимдік сәттерінен, ұйымдастырылған қызметтердің ашық көрсетілімдері «Ашық есік» күндері өтті.

Ашық есік күндері жоспарланып, күн тәртібіндегі режимдік сәттер, іс-әрекеттер мен ойын –сауықтар жүргізілді:

Ортаңғы «Бүлдіршін» тобының тәрбиешісі А.Жарлхапова күннің екінші жартысындағы балалардың дербес әрекеті, тәрбиеші А.Жанжигитова біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары, кіші «Балдаурен» тобының тәрбиешісі С.Утебаева «Күзгі орманға саяхат», тәрбиеші «Көкөністер», ортаңғы «Бүлдіршін» тобының тәрбиешісі Ж.Амирсейтова «Ертегілер елінде» ойн-сауығын, мектепалды «Балауса» тобының тәрбиешісі Д.Мурсалиева «Тілегіміз бейбіт күн» интеллектуалды ойын, тәрбиеші М.Иманалиева күннің І-ші жартысындағы балалардың дербес әрекеті, ересек«Балбөбек»тобының тәрбиешісі Ф.Есмаханова «Тәуелсіз елдің ұланымыз»спорттық ойын-сауық, «Үйшік» театрландырылған іс-әрекет, тәрбиеші А.Дербисбаева күннің І-ші жартысындағы таңертіңгілік жаттығуда

би элементтерімен жасату, ортаңғы «Балапан» тобының тәрбиешілері Г.Мырзахметова, К.Утеева бірігіп «Әжемiзге қонаққа» тақырыбында ұйымдастырылған қызметтер өтті.

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер педагогтармен талқыланып, хаттама толтырылды.

Жылдық жоспарға сәйкес мерекелік шаралар: «Алтын Күз», «Жаңа Жыл», «8-Наурыз», «1-Мамыр», «Жігіт сұлтаны»; Апталықтар өтілді: «Берекелі күз», «Тәуелсіздік тұғырымыз», «Армысың әз-Наурыз!». Іс-шаралар барысында ұлттық және рухани құндылықтарды дәріптеу, ұлттық нақышта безендіру, ұлттық ойындар қолдану көрініс тапты.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін мектепке дейінгі ұйымда қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу

Арнайы оқу бағдарламаларының болуы	Арнайы ОӘК болуы	педагогикалық сүйемелдеу (инклюзияны қолдау кабинеттері, кабинеттері, кабинеттері)	Пандустар	Тайпақ емес жабдықталған жол	Тактильді бағыттаушы жолақ	Сөйлеу информаторлары және маяктар	Дыбыстық үшейтетін жабдықтың болуы	Арнайы кеңейтілген есіктер	Жабдықталған санитарлық-тұрмыстық үй-жай	Итагта арнайы маманның болуы	қажеттіліктері бар балалармен жұмыс бойынша биліктіңін	Жасалған шарттардың үлесі
1	1	0	1	0	0	0	0	1	1	0	0	41,6%

Мектепке дейінгі ұйымда ерекше білім беру қажеттілігі бар тәрбиеленушілердің жоқ екендігі анықталды. Инклюзив сынып/топ болған жағдайда Стандарт талаптарының орындалуын жазып көрсетіледі.

2022-2023 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіне жоспар құрылып, жазғы маусымға арналған көңілді ойындар, эстафеталық жарыстар, шынықтыру шаралары, денсаулық мерекелерін, туылған күндер мен серуендер ҚР БҒМ «МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РО «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша» 2021ж әдістемелік ұсынымдар негізінде жоспарланды.

МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру (мектепке дейінгі жастағы баланың жеке, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалды дамуын қамтамасыз ететін жағдай жасаудың

бейне контенті, сондай-ақ № 4 қосымшада жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер берілді)

«Раушан» бөбекжай балабақшасында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1-тарау 3-ші тармақтың 2-ші тармақшасына және , Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайлары жасалып, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік орта, оның ішінде арнайы орта құрылып, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға арналған жағдайлар жасалған.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтар мен құралдармен жабдықтардың бекітілген тізбесі сайтқа жүктелді.

№	Топтардың жас ерекшелігі	Дамытушы-заттық кеңістік орта құралдары
1	Мектепалды «Балауса» тобы	<p>Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Гимнастикалық таяқшалар,кеглилер,құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар,сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер,жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар. Доптарға арналған себет, Кеглдер жиынтығы, Ұлттық ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар, Спорт туралы альбомы, Дұрыс тамақтану туралы альбомы, Салауатты өмір салтын насихаттау альбомы, Массаж жолы Қимылды ойындар атрибуттары:«Аюлар мен аралар, «Аққулар мен қаздар, «Машина айдау», «Ұшақтар», «Құстар», «Бөрене үстінде сайысу», «Қармақ», «Жапырақ жинау», «Аңшылар», «Ханталапай»</p> <p>Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер Кітап бұрышы «Жалқау мысық», «Түлкі, қараторғай және қарға», «Маша мен аю», «Қаршақыз бен жеті құртақан», «Менің сүйікті ертегілерім», «Үйрек түлкіге қалай алданды?», «Түлкі мен қоян», «Шыны таудағы ханша», «Ертегім неткен, мұратына жеткен», «Қорқақ қоян», «Алтын балта», «Ай мен күн», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Төрт түлік», «Зоопарк кітапшасы», «Жыл мезгілдері», «Горилла адам,Маугли», «Қойшы бала», «Жалқау қоян»ертегілері, Аудио кітаптар</p> <p>Қуыршақтар, Қуыршақ театрының жиынтығы, "Киіз үй және оның жабдықтары" ойын жиынтығы, Ойыншық жиһаздар, Ойыншық ыдыстар жиынтықтары, көліктер, Көлік жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), Құммен ойнауға арналған жиынтық, Ұсақ моториканы</p>

		<p>дамытуға арналған дидактикалық ойыншық, Көкөністер мен жемістердің муляждары, Фланелеграф(материалдар жиынтығымен)</p> <p>Бейнегаспалар «Қысқы орман», «Көктем», «Халықтар достығы», «Менің Елордам», «Жабайы аңдар»</p> <p>Мултфильмдер, ойыншықтар, сөздік ойындар жинағы, Әуенді кесте. Сөйлейтін әліппе. Магнитті әріптер</p> <p>Тақырыптық суреттер - дидактикалық құралдар: «Азық түліктер», «Үй жануарлары», «Құстар», «Жәндіктер», «Бидай өнімдері», «Музыкалық аспаптар», «Жыл мезгілдері», «Мамандықтар», «Гүлдер», «Ағаштар», «Көкөністер»</p> <p>Сюжеттік-рөлдік ойындар: «Тігінші», «Кітапхана», «Киім дүкені», «Почташы», «Дәріхана», «Қонақ күту», «Асхана», «Емхана», «аспазшы»</p> <p>Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары Шахмат, дойбы, Ірі бөлшектері бар конструктор (ағаш немесе пластмасса), Өртүрлі тақырыптағы лото , Суретті домино , Дамытушы үстел ойындары , Магнитті математика. Сандар. Пішіндер. Пішінді денелер. Нейро кітапшалар. санағыштар. таяқшалар. есеп шоттар. Домино. Лего. Мозайка. Танграм. Қиық суреттер. Өртүрлі тақырыптағы лото, Үлестірмелі геометриялық пішіндер жиынтығы, Көлемді өлшеуге арналған материалдары бар өлшейтін стакандар мен қасықтар Өртүрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер, Сандар кассасы, Санау материалы</p> <p>Шығармашылық дағдыларын , зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Театр түрлері. Қасық театры «Көбелектер мен гүлдер» Көлеңкелі театр «Тырна мен түлкі» Үстел үсті театры «Маймақ қаз», «Саңырауқұлақ саясында», «Жеті лақ ертегісі», «Шалқан», «Қолғап», «Шалқан» Жылжымалы театр «Орманшының баласы», «Қарлығаш пен дәуіт» Қуыршақ театры: «Алма» ертегісі, «Үш торай» ертегісі, «Жыл басына таласқан хайуанаттар», Зерттеу құралдары: Су бояулар, қылқаламдар, қарындаштар , губкалар, ермексаз , тақтайшалар, түтікшелер, стакандар, жіптер , маталар, қима қағаздар, пластмаса ыдыстар, қасықтар, өлшеу құралдары, жолақшалы карточкалар, түсті құмдар. Матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар, Тазалауға арналған мүкәммалдар (леген, шүберектер, щеткалар) Ауыл шаруашылығы және тұрмыстық еңбектің фото және суреттері бар, Өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар Жапсыруға арналған материалдар мен құралдар: түрлі-түсті қағаз, түрлі-түсті және ақ картон, мата, желім, қайшы, скотч, Музыкалық ойыншықтар</p> <p>Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру құралдар Глобус, теледидар, компьютер, Қазақстан елінің картасы, Рәміздер суреттері Дидактикалық ойындар жинағы «Бағдаршам», «Қай мезгілде болады?», «Қазақстан қалалары», «Сәнді киімдер үлгісін көрсету», «Не қайда өседі?», «Дәрілік шөптер мен бөлме өсімдіктерін ата», «Туған өлкем», «Құтқарушы машиналар», «Қалай амандасу керек, « Адам және табиғат»</p>
2	Ересек «Балбөбек » тобы	<p>Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар, Доптарға</p>

		<p>арналған себет, Кеглдер жиынтығы, Ұлттық ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар, Спорт туралы альбомы, Дұрыс тамақтану туралы альбомы, Салауатты өмір салтын насихаттау альбомы, Массаж жолы</p> <p>Қимылды ойындар атрибуттары: «Құстар», «Паравоз», «Қояндар», Сюжетті рөлді ойын атрибуттары : «Автобус», «Өрт сөндірушілер», «Құрылысшы», «Емхана»</p> <p>Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер</p> <p>Қуыршақтар, Қуыршақ театрының жиынтығы, "Киіз үй және оның жабдықтары" ойын жиынтығы, Ойыншық жиһаздар, Ойыншық ыдыстар жиынтықтары, көліктер, Көлік жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), Құммен ойнауға арналған жиынтық, Ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншық, Көкөністер мен жемістердің муляждары, Фланелеграф(материалдар жиынтығымен)</p> <p>Кітап бұрышы</p> <p>«Жалқау мысық», «Түлкі, қараторғай және қарға», «Маша мен аю», «Қаршақыз бен жеті құртақан», «Менің сүйікті ертегілерім», «Үйрек түлкіге қалай алданды?», «Түлкі мен қоян», «Шыны таудағы ханша», «Ертегім неткен, мұратына жеткен», «Қорқақ қоян», «Алтын балта», «Ай мен күн», «Бұлбұл мен тоқылдақ», «Төрт түлік», «Зоопарк кітапшасы», «Жыл мезгілдері», «Горилла адам,Маугли», «Қойшы бала», «Жалқау қоян»ертегілері, «Әнші балапан» ән кітабы</p> <p>«Табиғат сыйы» альбом,жұмбақтар,өлеңдер,тақпақтар,санамақтар</p> <p>Сюжеттік рөлдік ойындар: «Асхана», «Жол полициясы», «Сән салон», «Дәріхана», «Құрылысшы», «Ертегілер елінде», «Киіз үйде»</p> <p>Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары</p> <p>Шахмат, дойбы, Ірі бөлшектері бар конструктор (ағаш немесе пластмасса), Өртүрлі тақырыптағы лото , Суретті домино , Дамытушы үстел ойындары , Түрлі түсті қасықтар,қайшылар,жемістер муляжы, кубиктер жинағы, түрлі –түсті құм салғыштар, түрлі-түсті алақан ойыны, жолақты карточкалар, ұзын-қысқа, енді-енсіз,биік-аласа, жуан-жіңішке жолақшалар, жемістер-үлестірмелі материалдар бала санына лайықты, үлестірмелі ойыншықтар,ағаштан жасалған пішіндер, қима қағаздар, мозайка, сандар әлемі,фетрден жасалған көрнекіліктер</p> <p>Шығармашылық дағдыларын ,зерттеу іс-әрекеттерін дамыту</p> <p>Музыкалық ойыншықтар, Балалардың дыбыстық музыкалық аспаптары, Балаларға арналған мольберт, Магнит тақта,түтікшелер,шырша жемістер,құм салғыштар,құм сағатар, Саусақ театрына арналған қуыршақтар, пипеткалар, губкалар, тостағандар, тарелкалар, стакандар,тігін машинасы, пирамидалар, құрастырғыштар, жол белгілері, түрлі-түсті бояулар, қарындаштар, гуаш,тақтайшалар , борлар,трафареттер, Бұйымдар жасауға арналған материалдар мен құралдар: ермексаз, қамыр, саз, ағаш, желім</p> <p>Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру</p> <p>Табиғат бұрышы: Бөлме гүлдері, фетрден жасалған жыл мезгілінің көріністер,ауа райын белгілейті календар,қағаздан,фетрден ,жіптен, моншақтардан жасалған гүлдер, жәшіктерге егілген пияз көшеттері</p> <p>Патриоттық тәрбиеге арналған альбомдар: «Менің Қазақстаным», «Ұлттық ою-өрнектер », «Табиғат біздің анамыз», «Менің отбасым», «Қазақ салт дәстүрлері», «Қос мекенділер», «Дала құстары» альбомдары</p>
3	Ортаңғы «Балапан» тобы	<p>Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: түрлі-түсті кілемшелер, доптар, секіртпелер, құрсаулар,құм салынған қапшықтар, гимнастикалық орындықтар, жалаушалар, Доптарға арналған себет, Кеглдер жиынтығы</p>

		<p>Қимылды ойындар атрибуттары: Ұлттық ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар, Спорт туралы альбомы, Дұрыс тамақтану туралы альбомы, Салауатты өмір салтын насихаттау альбомы, Массаж жолы</p> <p>Қимылды ойындар атрибуттары : «Асықты дәлдеп ат», «Аю қонаққа келді», «Орамалша», «Торғайлар», «Аттар», «Өрмекші мен шыбындар», «Бақалар», «Қояндар», «Тауықтар мен түлкі», «Ұшақтар» т.б</p> <p>Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер Әр түрлі көлемдегі пирамидалар, Ермек-ойыншықтар, Баулармен, түймелермен, белдіктермен, құлыптармен және үстел үсті ойыны, Қуыршақтар, Қуыршақ театрының жиынтығы, "Киіз үй және оның жабдықтары" ойын жиынтығы, Ойыншық жиһаздар, Ойыншық ыдыстар жиынтықтары, көліктер, Көлік жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), Құммен ойнауға арналған жиынтық, Ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншық, Көкөністер мен жемістердің муляждары, Фланелеграф(материалдар жиынтығымен)</p> <p>Кітап бұрышы «Қызыл телпек», «Гүлдер таласы», «Үндемес ит»,«Қарлығаш пен дәуіт», «Түлкі мен қырғауыл»,» «Мақтаншық қоян», «Екі дос пен аю», «Күн астындағы күнекей қыз», «Кішкентай маса», «Аю мен түлкі», «Алтын балта», «Қу түлкі», «Түлкінің күлкісі», «Әтеш пен торғай», «Түлкі, қараторғай және қарға», «Өсімдіктер мен кемпірқосақ», «Балықтар неге сөйлемейді?» т.б</p> <p>Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту материалдары Ірі бөлшектері бар конструктор (ағаш немесе пластмасса), Өртүрлі тақырыптағы лото , Суретті домино , Дамытушы үстел ойындары , Нейро жаттығулар топтамасы,қарама қарсы мағыналы салыстырмалы , кеңістікті,жазықтықты бағдарлауға арналған көрнекіліктер,түрлі-түсті суретті кубиктер, санмен есепке арналған үлестірмелі материалдар, фетрден жасалған жолақшалы түрлі түсті карточкалар,дидактикалық ойындар «Заттарды орнына қой», «Көршісін тап», «Біреу және көп» , «Биік және аласа»</p> <p>Шығармашылық дағдыларын ,зерттеу іс-әрекеттерін дамыту Дәстүрден тыс сурет салуға арналған құралдар,Үлгі суреттер,бояулар,қарындаштар,гуаш,тақтайшалар.ермексаз,борлар,траф ареттер,түрлі түсті қағаздар, картон қағаздар, қайшы, желімдер, слаймдар, кескіштер, ермексаз,жеміс муляждары Фетр қағаздан жасалған құрастыруға арналған үлестірмелі материалдар, Музыкалық ойыншықтар, Балалардың дыбыстық музыкалық аспаптары, Балаларға арналған мольберт, Өртүрі мамандыққа арналған балалар киімдері, Саусақ театрына арналған қуыршақтар, Көлеңке театрына арналған ширма, Матадан және клеенкадан жасалған алжапқыштар, Өсімдіктерге күтім жасауға арналған құралдар жиынтығы, Бөлме өсімдіктері, Табиғат күнтізбесі, Жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер туралы балалар энциклопедиялары</p> <p>Әлеуметтік-эмоцияналдық дағдыларды қалыптастыру «Менің Қазақстаным», «Жыл мезгілдері» лейпбук, «Көліктің түрлері», «Менің сүйікті ойыншықтарым», «Құстар біздің досымыз», «Әкем,анам, мен», «Ит адамның досы» лейпбук</p>
4	Ортаңғы «Бүлдіршін» тобы	<p>Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: Қимылды ойындар картотекалары,үлкен және кіші доптар бала санына лайықты, құрсаулар, доптар, құм салынған қапшықтар, сауықтыру шараларына арналған іздер, кедергілер, жалаушалар,суықтыру шарасына арналған құралдар, Ұлттық ойындарға арналған жабдықтар мен құрал-саймандар, Спорт туралы альбомы, Дұрыс тамақтану туралы альбомы, Салауатты өмір салтын насихаттау альбомы, Массаж</p>

